

Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібін және шарттарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы N 49 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 07 сәуірде N 3845 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 13-бабы 1-1-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі және шарттары бекітілсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2015 жылғы "6" наурыздағы
№ 49 қаулысымен бекітілді

Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі және шарттары

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері, сондай-ақ, қарқындылығына байланысты автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын заңнамада белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде жергілікті атқарушы орган автомобиль жолдары жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органға автомобиль жолын облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары тізбесіне енгізу туралы материалдарды келісуге жібереді.

Жіберілетін материалдар автомобиль жолының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылданғанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

3. Жазбаша келісім алғаннан кейін автомобиль жолы облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесіне енгізіледі.